| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ** | **Кіші топ** | | | | |
| **топтың атауы** | **«Балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі** | **05.12 - 09.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтарды қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, дбөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды | **«Аққала» саусақ жаттығуы** Мақсат-міндеттер. Қане, қане балақай, (шапалақ) | **«Қоян»** Мақсат-міндеттер. Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, жағымды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек,<br>(алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын майманңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың | өлшемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру: үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада кішкентай аңдар.<br>Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Тұрғызамыз аққала!<br>(қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып,<br>(шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана.<br>(шапалақ)<br>Аққала, аққала<br>Сені жасап бәріміз,<br>Айналамыз қуана!<br>(шеңбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | тәрбиелеу.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау.<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау.<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>"Алға, Қазақстан!" | **Музыка**<br>"Елімнің елтаңбасы". | **Дене шынықтыру**<br>"Тальго пойызы". | **Дене шынықтыру**<br>"Қалайық қардан | **Сурет салудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| [illegible]ынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Мақсат-міндеттер. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту. | Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін, ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау. | аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуға (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттерімен таныстыру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; кеңістікте допты домалата білудің дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру. | "Бәйтерек". Мақсат-міндеттер. Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп, салуға жаттықтыру; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған** | **Аула сыпырушының қыста жұмысын** | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған** | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>- Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Күрекшені аламыз,<br>Жолды қардан тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.)<br>-Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдауға және мәтінге сәйкес қимылдар жасауға | **танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға және қорғауға деген ұмтылысты тәрбиелеу. Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту. (Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.) Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын. | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала. | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық<br>...<br>Д. Ахметова | үйрету, секіруді, қол шапалақтауға, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуға үйрету, балаларға қуаныш сыйлау.<br>Ойын шарты:Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.<br>-Қояным,қояным<br>ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киші,<br>Көлегіңді киші. | **«Көпіршік» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер құруға, оны кеңірек, тар етіп жасауға, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Балалар бір-біріне жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады. Тәрбиеші:<br>Көпіршікті үрлейміз!<br>Үлкен ғып үрлейміз!-дейді.<br>Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз.<br>Балалар шеңберді кеңейтіп, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады. Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар қайтадан көп**іршікті үрлейді.** | Д. Ахметова.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл | Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам<br>-<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | Үндемей күлеміз. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. | | | | |
| **Біртe-біртe тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Керуеттегі жаттығулар**<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, құнап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алтын балық". | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Менің Отаным".<br>Мақсат-міндеттер. | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Жүргінші жолы".<br>Мақсат-міндеттер. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Елімнің рәміздері".<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ..., кітаптар карау ... тағы баска ...әрекеттер) | Мақсат-міндеттер. Балаларды аквариуммен және аквариумдағы балықтардың дене құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту. | Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса алаңда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді. - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен | Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын және түйсігін дамыту. | Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орынды басып аламын.<br>Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға артық затты табуға үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді ұсынады: мысалы, қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ол баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу).**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну. Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш! Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді көрсетші! Міне осылай! Міне | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Суық - жылы» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалар кілемге малдас құрып отырады.<br>Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»-дейді.<br>Балалар қолдарын кеудесіне айқастыра, қорыққан кейіп көрсетеді.<br>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» -дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.<br>Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, ал балалар оған еліктейді.<br>**(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | осылай!<br>Г) Сәбізді тістеу:<br>- - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй!<br>Д) еріндерді жалау:<br>- Қоян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.<br>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті.<br>Әр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал кораз калай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарканның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін кайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту". |

Әдіскер: Сабитова З.А

Тәрбиешілер: Жумагулова А.О

Актайлакова А.И

05.12.23ж

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | | | | | |
| **Топ** | **Кіші топ** | | | | |
| **Топтың атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі** | **12.12 - 16.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетінің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін қалай білуді сұрау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер.Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, беттерінің тегіс болуын бақылау. **(еңбек дағдылары)** | |
| | **Ойын "Пирамиданы құраймыз".** Мақсат-міндеттер: балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай жасау; ұсақ қол | **"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларға туған өлкесі, мекен орны жайлы | **"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты | **"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын | |

Балалардың түстерді | түсті дөңгелек | ынталандыру; көлемі | мазмұнына сан

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып,<br>Қайта кілемге шашамын.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.**<br>Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды.<br>**(құрастыру)** | бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Көркем сөз.**<br>Гүл бөлеп, хош иіске атырабын,<br>Ағаштар жайып салды жапырағын.<br>Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, -<br>Өзенде мың бұралып жатыр ағын.<br>Фариза Оңғарсынова | мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру; Отан туралы алғашқы жалпы ұғымдарды қалыптастыра бастау.<br>Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары.<br>Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады.<br>"Менің Отаным".<br>Отан деген – атамекен,<br>Отан деген – туған жер.<br>Отан – ана,<br>Отан үлкен,<br>Қазақстан – туған ел!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Пән жетекшісінің жоспары бойынша | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аққала".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін жетілдіру; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттері жайлы білімдерін дамыту; балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшықеттерін, дәлдеу | **Музыка**<br>"Әсем шырша".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету; әнді тыңдап, ілесе айта білуге және жаттығулар жасай білуге үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасай білуге машықтандыру; жаңа жылдың әсерлі кереметтерімен таныстыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Домалатайық қане біз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін пысықтау; кішкентай доптарды себепттерге жинау іскерліктерін дамыту; қыс мезгілінде болатын табиғат құбылыстары жайлы білімдерін толықтыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Жаңа доп".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруға үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын меңгерту; балалардың лақтыру қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруға үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; ауа кеңістігінде | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту. | | | допты лақтыра білудің дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыста құстар тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесу қабілеті мен тілегін дамыту.<br>Торғай, торғай, тондыңба,<br>Тұра алмайсың орныңда?<br>Бір қонасың бір ұшып,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Жем іздейсің айнала.<br>Үйге кірші , торғайым,<br>Мен аяздан қорғайын.<br>Үйшік жасап берейін,<br>Алдыңа жем төгейін.<br>- Құстарға көмектесу керек пе? Неліктен?<br>- Біз оларды немен тамақтандырамыз?<br>- Жемшашардан қандай қызықтар байқауға болады?<br>**Қимылды ойын** | **Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қар жауғаннан кейін күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың жұқа және кішкентай екенін еске түсіру. Балаларға оларды жылы қармен жабуға бола ма деп сұрау, өйткені тіпті шөптер де қардың астында қатып қалмайды. Мұны қалай жасау керектігін көрсету.<br>Тоңса біздің қолымыз, | **Өткен адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан.<br>Жауған қарды ұстасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге үйрету, төзімділікті | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Торғайлар мен автомобиль» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету. Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтар**ына отыра қалады.** | Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт - сарт - сарт,<br>Шапалақ соғамыз.<br>Етік киіп аламыз,<br>Топ - топ - топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз.<br>Тоңды киіп аламыз,<br>**Қимылды ойын «Күн мен түн» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне қарсы жүгірмеуін қадағалау. Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауға үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру. Педагог «күн» дегенде - балалар қозғалады, жүргіре алады, шапалақтайды. «Түн» - барлығы тоқтап, қозғалм**ауға тырысады.** | дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орында **тұрамыз.** | шапшандықк тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | балаларға қарай<br>жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Қоян" тақпақ-оятпағы.**<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:<br><br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>**Шынықтыру шаралары.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты.**<br>Дастаркан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бірігіп шеңберді құруға үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қар жауды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін байқап, тек қыс мезгіліне тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау.<br><br>**"Шыршамыздай айналып" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларға қолдармен | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Шыршаны безендіру".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттеріне үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сай орындату; көлемі әртүрлі, бірақ түстері бірдей біркелкі үшбұрыштарды өзара салыстыра отырып, жоспарланған біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру.<br>Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Жапсырудан ойын-** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру.<br>Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдауын, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірде көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер | |

Балалардың түстерді | түсті дөңгелек

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстасу).<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа<br>Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік<br>(тоқтау),<br>Пах! Шарымыз<br>жарылды! (шапалақтау,<br>отыру)<br>Пшшшшшшш...<br>(отырып жатқанда<br>дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог<br>соңынан қимылдарды<br>қайталап жүреді. "Пах"<br>және "Пш" дегенді<br>балаларға қайталатып<br>айтқызу қажет. | жапырақтардың<br>қимылдарын көрсетеді,<br>көркем сөзбен<br>сүйемелдейді.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады<br>қатар-қатар.<br>Созады көп<br>бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп,<br>шайқалып. | **жаттығу**<br>"Шырша шары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үлкен<br>домалақ (шырша шары)<br>кескін ішін ұсақ,<br>бірыңғай көлемдегі<br>домалақтармен, бір-<br>біріне тигізбей<br>жапсыруға үйрету;<br>желімді пішіндерге<br>қылқаламмен жағып,<br>жапсыруға жаттықтыру;<br>сүлгімен пішіндер<br>үстінен басып, жұмысты<br>таза істеуге үйрету;<br>жапсыру амалдарын<br>игерту; балалардың<br>байқағыштығын, зейіні<br>мен танымын және<br>қолдың ұсақ<br>моторикасын дамыту;<br>балалардың жапсыру іс-<br>әрекетіне<br>қызығушылықтарын<br>қалыптастыру; оқу<br>қызметінде мәдени<br>қарым-қатынас пен<br>адамгершілік<br>ережелеріне тәрбиелеу. | тығылғандарын<br>айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері<br>бөлек екі немесе үш<br>пішінді бір-бірінің артына<br>жасырады. Балалар<br>пішіндердің көрінген<br>бұрыштары мен<br>қырларына қарап,<br>пішіндерді атайды. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Баулармен ойнау" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>қолдың ұсақ<br>моторикасын дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға<br>баулармен жұмыс істеу<br>үлгісін көрсетеді. | Ермексаздан ұсақ<br>кесектерді үзіп,<br>шарларды илеу<br>амалдарын игерту. "Қар<br>жауды".<br>**(мүсіндеу)** | **"Сипау арқылы тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>заттарды сипап-сезу<br>арқылы тану және атауға<br>баулу.<br>Құрал-жабдықтар:<br>Тәрбиеші жаңа жылдық | **"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың негізгі түстер<br>туралы ұғымдарының<br>қалыптасуына ықпал ету,<br>түстерді атауға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. | Балаларды түсі жасыл<br>катпа қағаздан қиылған | Балаларды аққаланың<br>денесін үстел бетіне | Балаларды педагогтің<br>соңынан көркем сөз | Балалардың заттардың<br>үлкен және кішкентай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар қарандаршы, мұнда шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды кіргізу керек. Мен бір жағынан, екінші жағынан, әр тесікке бауды кіргізіп, саламын. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңыз. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар өздері баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. **(сенсорика)** | | сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**«Аққала» қимылды ойыны.**<br>Мақсаты.<br>Балаларға Аққаламен бірге көңілді би билеуді үйрету. Ырғақты сезіну, қимыл үйлесімділігін жетілдіру.<br>Педагог:<br>- Балалар, Аққала сендермен бірге ойын ойнағысы келеді.<br>- Аққаламен бірге ойын ойнаймыз ба?<br>Балалардың жауаптары.<br>- Ендеше, балалар, барлығымыз шеңбер құрып тұрайық. Аққаланың соңынан қимылдарды қайталайық.<br>Аққаланың киімін киген кейіпкер музыканың ырғағына сай және балалардың икемі келетіндей қимылдар жасайды. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Асықпай асайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.<br>**(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?". |

Әдіскер: Сабитова З.А.
Тәрбиешілер: Жумагулова А.О.
Актайлакова А.И.
12.12.23ж.

...дару, көлемі | мазмұнына сай | ұғымдарын

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ** | **Кіші топ** | | | | |
| **топтың атауы** | **«Балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі** | **26.12 - 30.12.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға шырша қыста неге жасыл болғанын түсіндіру", "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың мерекелік бұйымдарды әзірлеуге қатыстырудың маңызы және шарттары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарындағы шаңды көрсету, күтім жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | **"Топтың ішін ретке келтір"** Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. |
| | **"Шырша ойыншықтарын ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді | **"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі түсті дөңгелек | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай | **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті пластик шырша ойыншықтары; ойыншықтардың әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: шар денелі ойыншықтарды бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br><br>*"Шырша".*<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; жасалған жұмысына қарап, көркем сөз айтып, қуана білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды.<br>Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру.<br>- Шырша. Ә. Табылдиев (жалғасы)<br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы,<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.<br>**(көркем әдебиет,** | қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br>Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | | |

| | |
|---|---|
| Таңертеңгі жаттығу | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| Таңғы ас | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Біз қалай өрмелейміз?" Мақсат-міндеттер. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; кеглилармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін,ептілік қабілеттерін дамыту; тыныс алу жаттығуы арқылы төрттағандап еңбектеп өтуге ынталандыру; жабайы жануар аюдың корегі жайлы білімдерін толықтыра отырып, қимылды ойынға қызығушылықтарын ояту. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Шырша моншақтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; құрдастарымен ойнау арқылы жағымды эмоционалды сезімге бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын ояту; сабақта мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру** "Біз қалай өрмелейміз?" Мақсат-міндеттер. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; кеглилармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін,ептілік қабілеттерін дамыту; тыныс алу жаттығуы арқылы төрттағандап еңбектеп өтуге ынталандыру; жабайы жануар аюдың корегі жайлы білімдерін толықтыра отырып, қимылды ойынға қызығушылықтарын ояту. | **Дене шынықтыру** "Дені саудың - жаны сау". Мақсат-міндеттер. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; жалпы дамыту жаттығуларын жасауда қол, дене, аяқ бұлшықеттерін,ептілік қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау, қорытындылау. | Музыка пән жетекшісінің жоспары бойынша |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; | **Жалауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп | қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар!<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ. | тақырыпқа безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату.<br>- Қараңдар,<br>Таң қалмаңдар.<br>Мерекеге дайындалдық,<br>Жіпке жалаулар ілдік.<br>Желге желбіреп олар<br>Бізге көзайым болар.<br>- Балалар, бұлар не?<br>- Жалаулардың түстері қандай?<br>- Жалаулар не істейді?<br>- Жалаулар желпілдейді. Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Жалаушалармен ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай | Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары)<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың | Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтыруға үйрету. | Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды | жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ұқсап қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыға бұлғауға ынталандыру.<br>*"Жалауша".*<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. | | | | |
| **Біртe-біртe тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.<br>"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы ойынға шығайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мазмұнды сурет арқылы қысқы ойындар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, көрсетуге дағдыландыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қолғап".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін дамыту. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Қуыршақ Данамен серуендеу".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс қызығы туралы түсінік беру; адамның қысқы киімдерінің атауына үйрете отырып, олардың түрлерімен таныстыру; адамның қыс мезгіліндегі тіршілік ерекшелігі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.<br>Балалардың қысқы киім | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қысқы алашадағы қар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарындашпен көлденең сызық бетіне, "алашаға", кезекпен тұйықталған, көлемі әртүрлі дөңгелектерді алашаның сол жағынан оңға қарай бір-бірінен кейін қойып, тізіп салуға үйрету; салынған сурет объектілерін, "қар ұшқындарының" бір тізбекте болуын бақылауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. | | атаулары арқылы есте сақтауы мен тілін, бақылағыштығы мен зейінін, қабылдау қабілетін дамыту. | дағдыландыру; қар туралы ұғымдарын қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. *Жеке жұмыс* (мүсіндеу).** Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. | **"Сипау арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу. Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту, дене** | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып | **"Қояндар сияқты секіреміз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: баланы алға қарай қозғалып, секіруге машықтандыру. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шынықтыру) | қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | |
| *Серуенге дайындық* | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>- Дастарқанның әдемісін-ай, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тағамның (бөтқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". |

Әдіскер: Сабитова З.А
Тәрбиешілер: Жумагулова А.О
Актайлакова А.И
26.12. 23ж

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Топ** | **Кіші топ** | | | | |
| **топтың атауы** | **«балапан» тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **2 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі** | **02.01-06.01.2023 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2-3 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезеннің әйнегінде қырау оюлары бар болса, балаларға байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | | | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолгаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді айтып, жаттығуларды жасауға үйрету; тілін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау.<br>- Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу)!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Танертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар***<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). | | | | |

| | |
|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз көңілді баламыз,<br>Ақылды боламыз.<br>Қыс мезгілі тамаша қандай, балақай!<br>Қанекей, қызықтаймыз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Дене шынықтыру.**<br>"Аттап жүгірейік".<br>Мақсаты. Балаларды заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен оқу қызметін қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегіептілік қабілеттерін жетілдіру; балалардың жалпы дамыту жаттығулары арқылы тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету.<br>"Бидай шашам қаптардан" ойыны. | **Дене шынықтыру.**<br>"Секіреді торғай".<br>Мақсаты. Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіруге үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру.Заттар үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру; секіру туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай екі аяқпен аттап секіруге дағдыландыру.Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; оқу қызметі кезінде достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; құстарды қорғау және аялау сезіміне баулу.<br>"Маған қарай секіріңдер" | **Музыка пән жетекшісінің жоспары бойынша** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ойыны. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | | | **Аққаланы бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысы кардан қаланған аққаламен таныстыру, оның пішіні мен келбетінің ерекшелігін байқату; жағымды көңіл-күйге бөлене білуге ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Ал бұл не?<br>- Жарайсыңдар, аққала.<br><br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Аққала ақ денелі,<br>Аппақ етегі, жеңі,<br>Аппақ беті, дақ көзі,<br>Ақ басында шелегі.<br>Ал мынау – қызыл мұрын.<br>Кім көрген бұны бұрын?<br>Бет ортасында қадалған. | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақша қарлардан құралатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br><br>*"Қар".*<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | **Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.<br>- Қолғаптарға не түсті?<br>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.<br>Ақша қарлар оюлы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өзі неден жасалған?<br>Д. Ахметова<br>Балалар аққаланы қолмен ұстап, оның қардан болғанын, басын, денесін, көздерін көрсетеді, атайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды аққаланың бетін қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алга жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша. | **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | Күн көзіне жылтырайды.<br>Ақша бұлттың гүлдері<br>Баяу ұшып, асықпайды.<br>- Ақша қарлар неге ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар, ақшақарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндетттер.<br>Балаларды педагогтің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br><br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр.(алақандарымен ары-бері бұраңдау)<br><br>Біз татумыз, біз біргеміз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шапалактап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір!<br>Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **…і ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **…ірте-бірте тұрғызу, …ауықтыру шаралары** | Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге қараймыз.<br>Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Ақырын қане тұрамыз.<br>Орнымызда жүреміз,<br>Енді доп болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудрту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. | **«Қайда болу керек?» мультфильмін қарау.**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың зейінін дамыту; заттардың орналасқан жерін байқауға, бір сөзбен қоңырау шалуға немесе саусақпен көрсетуге, «бар», «мұнда» сияқты сөздерді қолдануға шақыру; кеңістікті бағдарлаудың негізін қалау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **«Күн сәулесі» ойыны.**<br>Жабдық: кішкентай айна.<br>Тәрбиеші күн сәулесін айнамен қабырғаға түсіреді де, оны саусақтарымен ұстауды ұсынады. Тәрбиешінің белгісі бойынша, балалар оны ұстап алуға тырысады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Қарға не біолды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(дене шынықтыру)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | | | **Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды".**<br>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>- Қане, қолғапты киеміз,<br>Бір қолды салып көреміз,<br>Екінші жұп қолғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту. "Шаңғының жолы".<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүреді),<br>Аяқпенен тэй-тэй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2-3 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?". |

Әдіскер: Сабитова З.А
Тәрбиешілер: Жумагулова А.О
Актайлакова А.И
02.01.23ж